

**Н.А.НЕКРАСОВ**

**ТАҢДАМАЛЫ ӨЛЕНДЕР  
ЖЫЙНАГЫ**



**А Л М А Т Ы  
1947**

Н. А. НЕКРАСОВ

ТАҢДАМАЛЫ ӨЛЕНДЕР  
ЖЫЙНАҒЫ

Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы  
АЛМАТЫ – 1947

Редакциясын басқарғандар  
Ә. Сәрсенбаев, Т. Жароков,  
К. Бекхожин



## Н. А. НЕКРАСОВ

Бұдан 125 жыл бұрын, 1821 жылдың 22 науябр күні, Каменец-Подольскі губерніясының Юзвин деген шағын ғана қаласында, дүниеге жаңа келген жас нәрестенің ынгалаган аңы даусын орыс аспанының эфирасы әлемге түгел таратпақшы болғандай қанатына қоңдырды да, іліп ала жөнелді. Бұл «халық хасретінің мұндишесі», орыс елінің үлы жыршысы — Николай Алексеевич Некрасов еді.

Болашақ үлы ақының экесі — Алексей Сергеевич Некрасов бұл кезде Юзвинде орыс полкында офицерлік қызметтін атқаратын. Жеті жылдан кейін ол әскери қызметтен бір жола босанды да, өзінің меншікті жері Грениновога келіп, түлкілікті қоныс тенті. Үлы ақын өзінің жастық шағын Еділ бойының көз тартарлық әдемі, бай табиғатының күшагында откізді. Ел анасы ерке Еділді бүкіл жаңа сараймен түгел түсіне жырлады:

«Уа, Еділ!.. Менің бесігім!  
Мендей бол сені сүйді кім?  
Жалғыз өзім таң алдында,  
Жатқан кезде жұрт үйқыда,  
Қара көкшіл толқынында,  
Ала сөүле ойнағаңда  
Өзен бойлап зыр жүгіррем...»

Деп Еділ бойында өткізген балалық шағын еске түсірді. Орыс әдебистінде Еділдің ғажайып көрінісін жеріне жеткізе жырлан,

тамаша суреттеген ақын Некрасов еді десек, орынсыз болмас. Ағынды шалқар Еділдің қыйырына көз жеткісіз кең даласы, масаты кілемдей бәзенген көк алабы ақынның көзалдынан емірі бір көткен емес. Ол сүйікті орыс өзенін:

«Өзгелерде өстім менде,  
Зор өзеннің жиегінде,  
Тек балшықшы қыйқуласқан,  
Камыстары саудырласқан.  
Жайып кустар ақ канатын,  
Құлпы тастай қозғалмастан.  
Отырар ед ақ қайранда,  
Қатар түзеп манғаздана,  
Алыста гау булдыраған,  
Көз жеткісіз көкшіл орман,  
Бұркел сонау аспан жүзін...  
Аяктап кеп узак жолын  
Тынныға кетер ед күн»

деп суреттеді.

Бірақ, Некрасов Еділдің тек әдемі табигатынан өзгені көрмедин десек, кешірілмес күнә болар еді. «Халық хасіретінің муңшысы», да-нышпан ақын Еділ табигатының әдемілігіне сүйсіне турсада, оның аңғарындағы бурлактардың шектен тыс ауыр турмысына көк регі как айрылып, аһ урды. Бурлак хамутын өзі бірге кигендей нальыды:

«Баршы Еділге, орыстың улы өзенін,  
Аһ үрып, соншама ауыр күнренткен кім?  
Буны бізде ән десе, азап шегіп, —  
Әгіп жақтан бурлактың муңды жырын..

деп қынжылды.

Кулдық түнегі түгел жапқан ол кездегі патшалы Ресейде орыс халқының үстіндегі хасіреті, адам айткысыз, соншама ауыр еді юй. Қайда барсанда күнрениң бір муңды зар естілдер еді. Орыс елінің сол бір аянышты өміріне терең бойлап, үқіле қараған ойшыл ақын қамыққан халық қайғысын былайша бейнеледі:

«Еділ, Еділ! Жазды күн сұың тасып  
Жайыл'ыш жатсандағы жардан асып,  
Халқымыздың өлшеусіз қайғысындай  
Жерімізді кермедің түгел басып...»

Әділеттікті арман еткен улы азамат, халық хасіретін бөле арқалады, алтын бесігі — ардақты Еділдің жиегінде турып, бурлактардың зарлы «әніне» мунданыш үн қосты:

«Уа, дариға сол бір ертең,  
Тұған өзен жиегінен  
Өксіп, ексіп еңрегем мен  
Күлдық пенен кайғы өзені  
Деген оған атак бергем...»

деп күкіренді — Ол кездегі Еділді «құлдықпен қайғы» өзені деп бсйнеледі.

\* \* \*

Болашақ улы ақын өмір мұқтаждығының нелер ауыр азабын өз басынан өткізді. Бала тауқанатын тартуды ауырсынған әке, 1838 жылы, нәресте Никол'айды Ярославль гимназиясының 5-класынан шығарып алып, Петербургтегі әскери окута кіргізбек болды. Өйткені онда оку шығыны қазна есебінен еді. Хасіреттің қара шаңырағы тәрізді, жаңжалды ата жатағынан аттануға жас бала кыңжыла койған жоқ. «Дворяндық ўяны» тастап кетуді, керісінше, баҳыт дей санады. Бірақ, ол әкесі ўйғарған әскери оку емес, университет босағасын арман етті. Катал, помешік әке буган наразылық білдірді, баласына қаражат беруден бас тартты. Жас Некрасов үшін қатерлі қара күн туды. Аштан өлмеу үшін қолына түскен жұмысты талғамай істей берді. Алайда азаптан арыла алмады. Үйсіз-күйсіз көрінген шатырға қонақтады. Астаналық қаладағы лемпен-пролетариат турмысына түсті. «Түйдей үш жыл бойы үздіксіз аштықта болдым... істеген жұмысым ушы-кыйырсыз...» деп-жазды ол, кейінрек, со л кездерін еске түсіріп. Бул жағдайлар ол кезде көпшілікке әлі танылмаған жас ақынның көзқарасын үлғайтты, әлеумет өмірінің шындығын дұрыс тануына әсер етті.

1840 жылдары Некрасовтың өмір жағдайы сәл жеңілденгендей болды. Ол қарыздана қаугалана отырып, өзінің «Арман және сарын» атты туңғыш өлеңдер жыйнағын бастырды. Бул жыйнақ ақынға пәлендей мерей әпере қойған жок. Өйткені жыйнактың негізгі сарыны өзінің тірсін жоғалтқан дворяндық романтизмге бой урган еді. Сондыктан да, әдебиеттің әділегі, беделді төрешісі В. Г. Белинский «Арман мен сарынның» кемшилігін мейлінше қатаң сынады. Некрасов бул жыйнағындағы қателіктерді кейіннен мойындағы келіп «жастық шағының өлеңдегі айыбы» деген қортынды шығарды.

Бұдан кейін Некрасов бір қыдыру мезгіл өлеңді қойып, ' журнал жумыстарына араласты. Әдебиет техникасына үйренді, 1841 жылдары «Отандық шежіре» журналының редакторы А. А. Краевскиймен танысып, сол журналға катыса бастады, «тәжрибелі әйел» атты әңгімесін жариялады. Сөйтіп журіп «отан шежіресінің» негізгі қайраткері В. Г. Белинскиймен танысты. Көреген сыншы Некрасовтың бойындағы табиғи ақындық талантты бірден-ак сезді. Сол талантты өрістегіп, дурыс арнаға салу камына кірісті. Шағын ғана білімі бар Некрасовты өз заманындағы озық адамдардың катарапа сүйреді. Философия, саяси-әлеумет курылыштары, көркем әдебиет тақырыптары жөнінде әңгіме өткізді. Сол кездегі алдыңғы катарапы интеллигенцияның ансаған арман шеңберіне енгізді. Сондыктан да өзін өріспіл дурыс арнаға салып, кемеліне келтіре тәрбиелеген ұлы устазы Белинскийді ақын әрқашан қатерінде сактады;

«Әділет ой иесі болған ең сен,  
Тұңғыш рет халықтың қамын жеген,  
Сен тұңғыш теңдік, тума азаттықты,  
Арман етіп, біздерді үйреткен ең...»

**Устазымың алдыңда аруағының  
Тіземізді бұгуге рухсат ет...»**

деп дәріптеумен өтті.

Белинскиймен жете танысқан кезеңнен бастап, Некрасовтың ақындық беті бүтіндей өзгерді, Ол «халық хасіретінің мұншысы»

болды. «Керкем өнердің маңызы шындықты керсете білуде» (Чернышевский) екендігін түсінді. Ол кездегі орыс өмірінің шындығын барынша ашық керсете білді. Даңышпан Чернышевскийдің тілімен айтқанда Некрасовтың өлеңдері самодержавияға және басы байлық курылымы қарсы күрестің революциялық қуралы болды. Некрасов өлеңнің тек сыртқы көрінісіне ғана көңіл бөліп қоймай, ен алдымен ішкі мазмұнын терендетуге тырысты. Қайғылы халықтың хасіретті жүрек сезіміне ене, жан дүниесін өята жырлады. «Керкем өнер көркем өнер үшін ғана» деген уғымның басынаи аттап өтіп, дворяндық әстетиканың желісінен шалғай бой урды. Өз бойындағы акындық дарынды халық ісіне, революция хажетіне бағыштады. «...күрес үшін емес, біз шабыт үшін, тәтті сарын мен дуға үшін жаралдық» деген Пушкин уранына қарама-қарсы:

«Отанның намысы үшін оттан қашпа...  
Шын сүйсөң максатынан кыя баспа...  
Тайсалма, бар, отанның курбаны бол!  
Өлімің орынсыз боп кетпес босқа,  
Тірек тауып ісіңнің шыныкканы,  
Сорғалап осы жолда каның ақса...>

деп жырлады «Ақын және азамат» атты шығармасында.

Өлеңнің «тек шабыт үшін, тәтті сарын мен дуға үшін ғана» емес, өмір күресі үшін қурал екендігін жете үғынған демократ-азамат ақын өз замандастарына осылайша уран тастап, отандық күреске шақырды. Сондықтан да улы демократ-революционер — Чернышевский, акынның, өз пікіріне уштасып жатқан, бетіне мейлінше сүйсінді, «Сіз сыйқты ақын бізде болып көрген емес... Сіздік шыгарманыздың Пушкин, Лермонтов, Кольцов шығармаларынан анағұрлым жақсылық жақтары бар... Біздің әдебиетіміздің тірері, сенімі сіз ғана» деп жазды, Некрасовка арнаған хатында. Эрине бүнда асыра мактаудың да кейбір ушығы жоқ емес. Хат иесі алдымен Некрасов өлеңдерінің саяси бетіне, әлеуметтік мазмұнына мән берген болуға тиісті.

Өзінің творчествосын дурыс арнаға салып алған, дарынды ақын барған сайын дәуірлей тұсті. Ол кездегі орыс қоғамының озық топтары арасында бөделі өсті. 1847—1866 жылдары «Замандас» журналын, 1866—1877 жылдары «Отан шежіресі» журналын басқарды. Бул журналдардың екеуде Ресейдегі озат пікірлердің уйымдастыру орталығы болхтын. Орыстың Чернышевский, Белинский сиякты ой ерісі биік жатқан айбынды азаматтары әлгі журналдардың маңына шоғырланған еді. Бул кезеңдерде Некрасов өзінің ерлеу сатысына көтерілді. Халықтың аңсаған мұддесін жеріне жеткізе толғады. Оның өлеңдері Чернышевский мен Добролюбовтың публистикалық, сын мақалаларында айтылған пікірлерімен қабысып жатты. Сондықтанда Некрасов өлсіндерін орыс жүртшылығы, қолдан қолға тигізбей, сусап оқыды. Бұл жыр елім деп еңреген жастардың жүргегіндегі халыққа деген сүйіспенділік жалынын, халық душпандарына деген жиіркенішін бурынғыдан бетер күшетті. Орыс халқының данышпан улы Добролюбов сол кездегі қоғамның озат топтарының жалпы пікірін қорыта келіп: «орыстың сүйікті ақыны, біздің поэзиямыздағы игілікті бастаманың уәкілі, өмір мен күшті өз бойына тұгсл қамтыған бірден-бір талант» деп жазды, Некрасов туралы өз мақаласында.

Улы сыншының бул пікірінде ешқандай асыра бағалаушылық жоқ еді. Өйткені Некрасов шынында да өз заманындағы саяси әлеуметтік емірге тсрен үніліп жырлаған ақын болды. Ол өзінің «Ақын мен азамат» және «Белинский» деген тамаша шығармаларында революциялық-демократияның программасын қалың бұқараның жаңдунесін оятарлық устамды, өткір тілімен жырладап берді. Бул жыр революциялық интеллигенцияның курес туы болды. «Сөзге бай, іске кедей» либералдардың бет пердесін жыртты: Буржуазиялық дворяндық қоғамның кертартпалық, азғындық бейнессін мейлінше аяусыз әшкереледі.

Некрасов өзінің аңсаған арманын іске асырушылар ауылдағы шаруалар болуга тиісті деп ойлады. Өз кезіндегі әлеуметтік қоғамды өзгертуге бірден-бір ыңғайлы күш солар ғана деп сенді. Алай-

да, ол шаруалар арасында белсенді революциялық күрестід жок екендігін, олардың шектен тыс ауыр турмысқа тым-ак төзімді, кең терілі екендігін сезді. Тек қана құңғренесің, бірақ, күреске көтерілмейсің, «сенін бұл сыйқты узақ күрсінуіңің мәнісі қалай?» деген орынды сурақ тастады шаруалардың ортасына. Осы күрсіну қанаушыларды мойыннаң асыра лактырып тастарлық шаруалар көтерілсін туғыза ма, әлде бишара шаруалар заң мен тағдырға бойсұнып, узақ, ауыр азаппен қурып бітер ме? деген түңгійық ойға шомды. Хасіреті ішінде қара булттай түнеріп, туйық жатқан шаруалардың жаң ~~сағатын~~ түгел аралап көрді. Сол түнек ашуды күркімен айдал сыртқа шыгармак болды:

«Жан сарайы әр шаруаның,  
Қара булттай түнерген,  
Бойдағы ыза-ашуын  
Күркімен айдал шыгарарма ең,  
Жаңбырдай қанды селдетіп...  
Әттед бәрі бұлығып,  
Бітеді-ау тек шараппен...»

деп нальыды, «Ресейде кім жақсы тұрады?» деген тамаша шығармасында.

Ақын жоғарғы айттылған зор еңбегінде сонау бір түнек дәуірді окушының көз алдына тізіп берді, басы байлық правоны, тозығы жеткен помөшіктік қоғамды, шаруалардың «азатталғанға» дейінгі, реформа жағдайындағы аянышты ауыр күйін жеріне жеткізе суреттеді. Сөйтіп, ол 1861 жылғы реформаның әлеуметтік мәнін дұрыс уғынды. Некрасов реформаның шаруаны шын азат ету емес, жерден «азаттау» екендігін адғарды, ендігі жерде канадың дөрекі ссқі түрінді орнына, айлалы, зымияндық түрінді келіп кіретіндігін болжады.

«Үзіліп түскен зор шынжыр  
Екі ушын серпіп жазғанда,  
Мырзаға тиді бір ушы,  
Бір ушы шаруа жазғанға...»

деп, басы **байлылық қурылыштың** үзіліп түскен зор **шынжырының** бір ушы-баяғы сорлы шаруаға келіп тигендігін айтты.

Ақын азаптағы **орыс** шаруасының ауыр ахуалын суреттеумен бірге оларды жәбірлеушілер кім екендігін көрсетті, ендігі жерде тек помешиктер ғана емес, капиталистер мен поптардың да бишара шаруаларды талап **отырғандығын айтты:** ,

«Істеседде жалғыз өзід,  
Біткен шақта жумысыңд сенід  
Қараши, тур үш үлесші —

Патша, мырза және **тәңірің...**»

деп ескертті шаруаларға. Міне осыл'ардың қулдығынан күтылмай турғанда саған рахат емір **жок** дегенді айтты.

\*) \* \*

Некрасов ез шығармаларында ол кездегі әлеуметтік өмірдің қай саласын болсын түтел қамтыды. Оның халықтық эпопея болып саналатын — «Ресейде кім жаксы турады?», «Кызыл шұнақ аяз» атты зор дастандарында болсын, «Солдат апасы Орина», «Саша» тағы сол сыйкты ірілі-уақты шығармаларында болсын әлеуметтік бір сарын бар еді, ол сарын халық мұцы, шаруа мұддесі болатын. Бул дәуірде орыс пролстариаты **буржуазиялық-капиталистік** курылышты жерлерлік тап ретінде әлі калыптанып жетпеген, кенже еді. Алайда ақын сол кездід **өзінде-ақ** жумысшылардың бейнесін керсете білді («Еділ бойында», «Балалар зары», «Сөз еркіндігі туралы» тағы тағылар). «Еділ бойында» деген шығармасында елді ереуілге шакырды.

«Сорлы бурлак хасрет жеген,  
Өзгермепсід сол түрінен::.  
Тастамапсын хамутыңды,  
Жырлаудасын сол бір жырды...  
Кажығандық бар жүзінде,  
Жүрсід шексіз бас июде...»

деп **бурлактардың** ауыр тағдырға үнемі бас иген шектен тыс **төзімділігіне** налыды.

«Темір жол» атты өлеңінде «азатталған» шаруа кандаудың жан түршігерлік жада түріне келіп туралағандығын айтты. Жерден «азатталған» халықтың мейрімсіз аштықтың айдауымен апатқа үшінрагандығын бейнеледі:

«...Жиһанда аштық атты патша бар ғой,  
Кatal ол, мейірімді ешбір білмес...  
Ол айдал келген халық осы жерге,  
Көпшілігі қатерлі күрестерде  
Рухсыз меніреу орманға рух беріп,  
Табыттапты, оралмас енді көрге...»

Ақын бул шығармасында бурынғы Николай, қазіргі Октябрь темір жолының салыну тарихын бейнелеп, ол жолдың халық үшін шексіз адам шығыны болғандығын дәлелдеді:

«Тік сокпақ: тар жол табан тәсеп салған,  
Көпір, рельс, ділгектер сағымданған,  
Білесід бе Ваня сен, жол бойында  
Канша орыстың сүйегі курап калған...»

деген ауыр суретті оқушыларының кез алдына келтірді.

\* \* \*

Некрасовтың тағы бір тамаша жағы ол өзінің «Орыс әйелі» яки «Декабристка» деген едбегінде ақ жүрек, адал ниетті орыс әйелдерінің бейнелерін тамаша жасай білді. Бул дастанның қаһарман әйелдері жалған махаббатқа бой урмайтын, жаны таза, жүрегі кіршікіз, сүйген жарына түгел берілген, еріндің басына тұскен ауыртналықтың қандайын болсада бөле көтеруге дайын адамдар. Мысалы сол шығармадағы княгиня Трубецкаяның бейнесін алайық. Ол Сібірге айдалған декабристердің арасындағы еріне ілесе жүрмек болады. Губернатор бул сапардың соншама қатерлі, ауыр екендігін айттып, оны бөгеуге тырысады. Бірақ, княгиня алған бетінен қайтпайды:

«... Өлім күтіл тұрсын мейлі,  
Ешнэрседен тартынбаспын.  
Барам, барам, ажал мені,  
Жар жанында іздең тапсын...»

деп узілді-кесілді жауап береді:

«... Өмірі тым болар ауыр,  
Білем сүйген жан-жарымның:  
Мейлі сондай қуанышсыз,  
Болсын шерлі өмірім менің...»

Деп келешек ауыртпалыққа бел байлайды. Жарының жанында қандай азапқада дайын екендігін, сүйген адамның ауыртпалығын беле арқалап, хасіретіне ортақтасу үшін астанадағы салтанатты өмірді талак еткендігін, еріне ілесе Сібірге бару үшін тіпті керек болса саяси праводаида бесетіндігін айтады. Бірак, өзінің күндік емес, таза, адап махаббатты ғана дәріптейтіндігін сүйген жарының өзіне деген махаббатын өзгенің ортағына сала алмайтындығын, бул махаббатты тек отанға ғана қыятындығын, сүйгеш адамын тек ер ғана емес, шын мағнасында дос, ажырамас адап дос деп үйнатаңдығын баяндайды.

\* \* \*

Некрасов өз елін бүкіл жан дүниесімен сүйген ақын. Өз еліне деген осы сүйіспендей, әдемі орыс табиғатының бай көрінісіне мадақтағандық, улы халқына деген махаббат оның өледіне өрнек, үмітіне канат беріп отырады:

«Мінс, менің тағыда тұған елім,  
Мейірімді жаз көк майса төңірегім,  
Жаным тағы жай тауып толды-ау жырга,  
Тек осында мен ақын болар едім!»

деп жырлады («дастаниның бастамасы») ол өз елінің әдемі керінісіне сүйсініп.

Жүргі журтый деп соққан патриот, азамат-ақынды орыс хал-

қы, әсіреге ол кездегі озат пікірді жақташылаρ, өздерінің алға қойған мақсаттарына жетуде Некрасов өлеңдерінен рух алған орыс жастары мейлінше дәріптеді. Бүкіл күш-куатын, жүректегі жалынын, өткір жырын журтына арнаған ақын өмірінің ақырғы екі жылында (1876—1877) катты ауырып, төсек тартып жатып алды. Осындай хал үстінде жаткан кезде халық топ-тобымен келіп, ардақты ақындарының категін сурады. Петербург студенті ері Некрасовка арнаулы делегация жібсрді. «Біздің жүргемізге халыққа деген маҳаббаттың күлдіретті жалынын берген, халықты жәбірлеушілерге деген жек корушілігімізді өршелендірген адамның жырларыш хұрметтейміз» дсп жазды слар ақынға ариап әкелген хаттарында.

1878 жылдың 8 январында Некрасов дүниеден кайтты: Демократ ақынды жоғалту орыс қауымына мейлінше ауыр сокты Орыс қогамының ол кездегі озат пікір иел'ері хұрметті ақындарымен түпкілікті қоштасарда көкіректері қақ айырылып, көздеріне жас алды. Плехановтың тілімен айтканда Некрасовты жерлеуге «орыс революциясының бүкіл штабы түтел қатынасты».

Күрмелді ақын, езгі-әділ тілің,  
Бірак, сен бізге азаттық жырын берділ,  
Үйреттің күрестерде қажымауға,  
Сакталмақсың көңілде мәңгі біздің.»

деп жырлады Некрасовтың өз замандасты, пікірлес ақыны А. Л. Боровиковский оның қабірінің басында, Эрине бул Некрасовты сүюші бүкіл орыс халкы атынан айтылған жыр еді.

\* \* \*

Некрасовтың өз замандастарын халық үшін қажымас, қатаң күреске үйреткендігі даусыз. Ол ез халкының бойындағы тамаша хасиетті, озірінше сыртқа шықпай, іште қайнап жаткан алыш күшті көре білді. Сол алыш күш тасқындағы сыртқа шыққан күні азат, бай, күдіретті Ресейдің қурылатындығына шектенбеді. Осы сенім оны рухтандырып отырды. Соңдықтан да, ол орыс халкының сарқылмас улы күшін дәріптер:

«Көтерілдер ерлікке,  
Сан жеткісіз калың кол,  
Қажымас қайрат бойында,  
Мызғымас, сірә, күші мол.  
Сен дәрменсіз  
Бірак мол,  
Сен қамқорсыз  
Бірақ зор —  
**Анамыз—русь құдіретті!»**

деп жазды.

Кальц бұқараның азаттығын арман еткен ақынның бұл болжаяуы дурыс болып шықты. Ленин—Сталин бастаған орыс пролетариата іштегі қайнап жатқан сарқылмас күшті қудіретті білегіне жыйнап алды да, «халықтар түрмесі» деп атальп келген патшалы Ресейдің үкімстік тағын талқан етті, шаңырағын қыйратып, ортасына түсірді. Оның орнына Ресей топрағын жайлаған бүкіл еңбекші халықтардың туысқандық бірлігі — Советтік Социалистік Республикалар Одағын қурды. Сүйтіп, саналы азаматтардың ғасырлар бойы аңсаған арманы орындалды. Шаруашылығы мен мәдениеті мешеу болып келген Ресей Сталин бастаған бесжылдықтар кезінде қудіретті елге айналды. Мәдениеті өрістеп, шаруашылығы шыңға өрледі, қорғанымпаздық күші дәуірледі. Улы Отан соғысында катан сыннан өтті, қатерлі душпандарын қайтып тура алмастай талқан етті.

Біз бүгін, әдебиет қазнамызға мейлінше мол, қымбатты алтын кор қалдырған ардагеріміз, орыстың жалпы совет халқына ортак улы ақыны, ак жүрек азаматы—Николай Алексеевич Некрасовтың туганына 125 жыл толған салтанат күні, оның өшпес рухына бас иеміз, халқымызға қалдырған казнасы үшін алғыс айтамыз. Оның шығармаларын Абай, Махамбет еңбектерімен катар өз тілімізде сүйсініп оқыймыз.

*Әбу Сарсенбаев.*

## ТУГАН ЖЕР

Міне, менің, ежелгі таныс жерім,  
Аталарым өткізген өмірлерін,  
Мағнасыз, той-топырмен, мактанышпен,  
Зорлықпен бузакылық асқан шектен.  
Езілген, әлсіреген мунда кулдар,  
Иттен жаман өмірінде зарлы муч бар.  
Тәңір жазды бул жөрде көруге өмір,  
Тартып шыдам, болуға кекті көңіл.  
Сақтап сол өштігімді жанға бірақ  
Помещик болған едім менде бір уақ.  
Жанымнан тарша-парша тілімденген,  
Ушкан от, жастық рахат ерте сөнген.  
Балалық әуреліпі емес арман,  
Журекте бір хасірет оты жанған,  
Жастық шақ ойға түссе-өзіме жат,  
Атымен аты шұлы той салтанат,  
Кеудеме ыза менен куса тольп,  
Кеткендей сол өмірім елес болып...  
Қараңғы күңгірт өрмән түсі үрейлі,  
Қайғылы, жель сыбырлап үнілейді...  
Білемін, анам, ңеге жыладың сек.  
Кім корлады, білемін, білемін мен  
Мәнгілік ғұтқын болдық бір ңаданға,  
Үмітті қумап, едің ойлағаңда;

Тағдырмен таласуға үрейленіп,  
Үн-тұңсіз, жүргөн едің күндей көніп,  
Білемін, отсыз емес бірақ жаңың  
Сақтаған ер, такаббар өз кумарин.  
Өлердө жүрегіңің өштік кегін  
Тіл қатып, қорлаушыға, кештім дедің!

\*      4      \*

Сол байғус сормандаимен сорлап өткен  
Тағдырдың сум мазағын бірге шеккен,  
Сендағы қарындасым кеттің өліп,  
Ит баққан құл мен күнен қашып келіп, —  
Уятпен әлдекімге көндім дедің,  
Сен оны білмеп едің, сүймеп едің,  
Анаңты аяныңты тағдырына,  
Қайғырып табытында таң алдында  
Жатқанда, езу тартып, сұық зілмен,  
Сол жендет жылап, сумдық ісін білген.

Сұп-сұр үй, қараң қалған енді міне,  
Күнде жоқ, иттер де жоқ төңірегінде,  
Ал, бурын, бір зіл басқан журттыч бәрін,  
Шығарған үлкен-қіші жүрек зарын,  
Мен өскем, күтушімнің бауырына, —  
Кей кезде батса жүрек ауыр муңға,  
Еске алып күтушіні жылаушы едім,  
Мейрімім қашан туды соған менің.  
Пайдасы рахымы оның салған залал,  
Белгісі сол ісінің бойымда бар.  
Сондықтан қеудем қайта кекке толған,  
Жоқ әуре жастығымда қызыл болған,  
Еске алар күндерім жоқ сыр болғандай,  
Так пәле өміріме шырмағандай,

Әуелде менің туған осы жерім,  
Сол нәлет устімде жүр әлі менің.

Жиіркеніп қарап турмын мен жағалай,  
Куандым, отальшты қу карағай,  
Сая еді ол шыжыған жазғы күнде,  
Егін жок, мал жусаған өз еркінде,  
(Зуалған өзеніне басын салған,  
Меніреу, қуарған үй қулап қалған,  
Сол үйдөн шықса сылдыр, шаттық думан,  
Кайтарған сырттан жауап қайғы бұған.  
Тек қана біреу еді жаншып жүрген,  
Сол еркін, билеп мында өмір сүрген.

Аударған: *Қалижан Бекхожин*.

## ТРОЙКА

Тесе қарап жолға неге үңілдің,  
Оқшауырак жарқын серіктерінен?  
Алас урып соққан сонша жүрегің  
Албыраған сезем көркем өнікнен

Неге сонша асығасың жүгіріп,  
Куйындаған тройканың сонынан?  
Сулу жұзбен қарайд саған бурылыш,  
Тройкалы жас офицер жолынан.

Ғажап емес саған қарап тақғалған,  
Сені унатпай тұра алмайды бір көрген,  
Кызыл жібек лентан — желмен ойнаған  
Тұлымында кара тұндей төгілген.

Кызыл-күрен нарттай жанған жүрегің  
Желпігедей желкілдеген тұлымың,  
Қыйған қара қас астынан сезімді  
Сиқырлы көз атқан отын нурынын.

Кара көзің бір жалт қарап қалғанда,  
Жүректі арбап қыздырғандай қанынаы.  
Еріксіз кеп ой тартқандай шалдарда,  
Сүйдіргендей жастьщ жақът жалынды.

Өмір сүріп сайрандарсың шешіле,  
Алда жеңіл қызық өмір сурерсің,  
Бірак, сенің тимеген ол еншіне:  
Салдыр-салак бір мужыққа тиерсің.

Омырау жауып, мықыныңды қынатып,  
Алжапқышты тағынарсың алдыда  
Тиген ерің урып-соғып, жылатып,  
Қайні енең де мәймендетіп алдында.

Жұмыс басты болып, мойнын бұралмай,  
Өспей жатып, семген гүлдей өшерсін,  
Манауарарсың үйқың өмір бір қанбай,  
Бала әлдилеп, асынды шақ ішерсің.

Сенің барлық қыймылыңдан, жүзіңен,  
Өміріңен сезілер тез кенетте,  
Қыйындыққа көнген мәнсіз төзіммен  
Үрейленгіш тұскендігің әдетке.

Көмер сені сұық ылғал қабірге,  
Бітіргенсоң ауыр сапар жолыңды,  
Пайдасы жоқ өшер күшің өмірде,  
Еш бір нәрсе жыльтпаған жаныңды.

Қарамашы, жолға сонша қамығып,  
Тройканың шаппа артынан асығып,  
Налып жүрек дабылы да қағылып,  
Не бітірмек, өшір, қалсын басылып.

Тройкаға жете алмассың құтырған,  
Ол мықты аттар тамағы тоқ жұтынған!  
Ат айдаушы ішіп алған мас бала,  
Күйиндатып өтті офицер жас қана.

Аударған· *Тайыр Жароков*

## ЕДІЛ БОЙЫНДА

### I

Асықпа шіркін тәбетім!  
Кеудеме неге сеқірдің?  
Құс атсак әлі уақыт көп,  
Танданба мені турды деп.  
Еділде үзак сазарып,  
Кыймылсыз, үнсіз қабарып,  
Жас кезімді еске алдым.  
Келді оған кері оралғым —  
Емін-еркін бұл мадда,  
Мен де уқсас анау пақырға:  
Көремін кедей ауылын,  
Берер ме аз-муз хайырын,  
Мынау бір ауыл байырак,  
Берерме ед мүмкін молырак,  
Хайыршы бірақ кірмеді,  
Еш нэрсе оған бермеді,  
Күзетшісі бай үйдід,  
Элде алаяқ — сум ба еді.  
Анау бір үй тым-ақ халді,  
Бірақ, одан құыш салды!

Кезіп шықты барлық үйді,  
Ешқайсыда тұк бермаді.  
Бос дорбасын сілкіп, қакты,  
Сөйтті де ол кері қайтты,  
Мыжырайған үйге таман,  
Тастап еді бір түйір нан,  
Аш тәбеттей уа, бишара,  
Нан қабығын қағып ала,  
Жаннан аулақ алып барып  
Комағайсып жатыр қауып...

Мен өзімнід қолда бардан,  
Тым-ақ ерте ажырағам,  
Жас жездे ата шаңырағын,  
Таңтап кеткем сүймей жаным,  
Тоқтау салып достар маған,  
Тәдірге анам жалбарынған,  
Сүйкімді орман күбірлеген,  
Судырласып былай деген:  
Тұған өсем аспаныңды,  
Қарасаңшы неткен онды!  
Көрші өзід көз сүйінер,  
Мынау туған кок майса бел,  
Жан еркіндеп, тынығарлық,  
Кайда осындай әдемі жер.  
Сүйкімді үні толқындардың,  
Қостады осы орман жырын.

Тыңдамағам алайда мен:  
— Өзім еdbек сіңірмеген,  
Рахат өмір керегі не,  
Жат ол менід жүрегім...  
Жетпеді ме әлде күшім,  
Керексіз-ақ әлде едбегім,  
Бірақ **босқа** өшті өмірім,

Ол кездегі өжет арман,  
Кәзір бейнө уят маған.  
Жүректегі бар қүшімді,  
Мешеу курес құртып болды,  
Өмір бойы жақын жаннан,  
Ешбір көмек көре алмағам,  
Қақтым қорқа жүрт есігін,  
Дәрменсіз бір жастық кезім

—Уа, кедейлік жастық шағым!  
Кешір мені, бой сунамын.  
Ескертпе өжет сонау кезді,  
Тастап кеткен туған жерді,  
Сені әбден келекелеп!  
Ескертпе есер жасты маған,  
Көздеп талай сорғалаған  
Әлдиіді ауырсынып,  
Берші рахат жан жайланаар,  
Жүрек шіркін тыныс алар,  
Қамкорлық ет қажыдым мен,  
Қалмады еш сенім деген,  
Ескерсем тек жастық кездер.  
Жаным сонда бір жеділер...

## 2

Өзгелердей өстім мен де,  
Зор өзеннің жиегінде,  
Тек балшықшы қиқуласқан,  
Камыстары судырласқан  
Жайып кустар ак қанатын,  
Кулпы тастай қозғалмастан,  
Отырар ед ак кайранда,  
Катар түзеп мадғаздана,

Алыста тау булдыраған,  
Көз жеткісіз көкшіл орман,  
Бұркеп сонау аспан жүзін,  
Аяқтап кеп узак жолын,  
Тынығуға кетер ед күн.

Жас кезден-ақ қорықпағам,  
Адам біткен дегем тумам,  
Көп узамай жын мен шайтан  
Болмап еді-ау үрей маған.  
Тәрбиешім деді бір кун:  
«Шықпа, түн ғой отыр бері,  
Сарайлардың сырт жағында,  
Серуенде жүр жын мен пері!  
Көлде жүзіп, бақшаларда».  
Бардым бакка сол-ақ түнде,  
Кумартқам жоқ жын-періге,  
Жүріп келем көрмек болып,  
Ішке тартып бар тынысын,  
Тына қалған сактанып түн,  
Сихырланып алла әлемі,  
Бақылауда әлде нені.  
Не істедід өжет бала!  
Сыр жасырған медіреу түнде  
Буындарым дірілдеуде.  
Кайтсам ба екен үйге кері?  
Келмей турып жын мен пері,  
Жарап еді су тубіне,  
Әкетпесе мекеніне?

Оралмадым бірак үйге,  
Айдың нуры ойнап көлдे,  
Сәуле шашты жаркыраған,  
Жиекте ағаш қатарланған,  
Тылдан турдым мен жағада.

Естілмейді шайтан кайда?  
Көлді үш рет шыктым кезіп,  
Перілер жок жүрген жүзіп!  
Ашып ағаш бұтақтарын,  
Калкан қулақ жапырақтардың,  
Шыққан жардың жиегіне  
Арасынан сығаладым.  
Тығылар ма суға мүмкін?  
Таныр едім мүйіздерін,  
Сш нәрсе жок кетіп барам,  
Жори баяу басып қадам,  
Босқа кетті-ау сол бір түнім,  
Егер бірер душпан маған,  
Тал түбінде жасырынған,  
Айкайласа, үркіп менен,  
Не жапалақ тас төбемнен,  
Ушар болса абайсызыда,  
Құлар едім талып онда!  
Күр әшейін қумарлықпен,  
Жалғаң үрей тауыппын мен.  
Сол пайдасыз күрес үшін,  
Кетті-ау дүние сансыз күшім,  
Бірак тапқан сол жездегі,  
Әдет тірек іздемеуді,  
Әзірінше қул боп туған,  
Өз жолына салды мені,  
Өр көкірек мен-мен тағдыр,  
Ете алмады жададач құл!

### 3

Уа, Еділ! Көп жылдар салып,  
Келдім саған сәлем алып,  
Мен өзгердім, жарқынсың сен,

Бұрынғыдай аумағыд кед,  
Көз жеткісіз тәңрегің,  
Тур баяғы манастырыд,  
Аралдағы кум ішінде,  
Сыбырласып өткен кунім,  
Ашты қағып жан есігін,  
Жетті үйреншік қулағыма,  
Қоңырау үні күмбірлөгөн.  
Қайтпас бірақ ол жылдардыд  
Асау күші қурып өлген...

Тамыз. Таяу тұс мезгілі,  
Жосып күйген кумда іздері,  
Мұлгіп суға балықшылар,  
Иіндесіп катар-катар;  
Көк шалғында қиқуласып,  
Жатыр қустар әнге басып,  
Жылжып арна бойыменен,  
Тыныштықты бузбай мұлдем,  
Ұыбыдырайды' толқын баяу,  
Приказчик жас бозбала,  
Күле қарап сулу жарға,  
Жүгіреді палубамен.  
Ару неткен шырайлы еді,  
Сұл-сүйкімді нарттай жүзі,  
«Токта кербез, жетем қуып»,  
Дейді жігіт зыр жүгіріп.  
Жетті, қушақ жаздыдағы,  
Шұп еткізіп сүйіп алды.  
Жетті маған сүйіс үні,  
Шіркін неткен тәтті еді.  
(Еамалында сәнді Еділдід,  
Сүймел еді-ау біздерді ешкім!  
Ие, кала мырзасыныд,  
Ерінінен курденген,

Дәл осындаң шүпілдеген,  
Әсем үнді есітермед

Шикі арманның жетегінде,  
Кетіпті үйқы естен шығып,  
Барад тамыз бой қыздырып,  
Кенет дауыс күдірнген,  
Көз тастап ем жағаға мен.  
Бұкірейіп жауырындары,  
Аяғына жетіп басы,  
Балтырларын таспа менен,  
Шырмап, бурлак шәрке киген.  
Өзен бойлап өтіп жатты,  
Күніренткен дүниені,  
Бейче азадай сарындары,  
Негкен ащы, тым жабайы  
Жүрегімді жаралады.

Уа, Еділ! Менің бессігім!  
Мендей боп сені сүйді кім?  
Жалғыз өзім тад сарыда,  
Жатқан кезде журт үйқыда,  
Кара-көкшіл толқынында,  
Ала сәуле ойнағанда,  
Ұшқам туған өзеніме,  
Балықшыға көмек бере,  
Кайық мініп оларменен,  
Мылтық альш, арал кезгем,  
Кейде аддай ойнақ салған,  
Күмға атылған биік жардан,  
Тас атқылап кейде суға,  
Жүгірер ем жағалауда,  
Қылышынан қаны тамған,  
Жастыққа арнап ән шырқағам,  
Ойлаушы едім ол кезде мен,

Күмдү жаға жиегінен,  
Кетпен шығып өмір бойы,  
Болып па еді Еділ сенід  
Күдіренбекен ешбір кезің!

Осы мезгіл, ертеректе,  
Бұл бір зарды күдіренген,  
Тудғыш рет есіткенде,  
Ку'лак тынып үрейленгем,  
Білмек болдым немене екен —  
Зыр жүргірғем бойлап өзеч:  
Асып казан, жағып отты, —  
Бір топ бурлак отырысты, —  
Алка котан. Талған мұлдө,  
Асықпастан баяу ғана,  
Кірісті олар әдгімеге.  
Айтты бірі:

— Енді қашан,  
Жетеміз біз Нижнийға  
Дерт жайлаған солғын жүзді,  
Екіншісі жауап берді:  
— Ильяныд мейрамына,  
Мүмкін жетіп барамыз да...  
Демекші еді ол одан әрі,  
«Жазылса ыйық жауырлары,  
Тартар едім лямканы  
Аюдайын аянбастан  
Болар еді-ау әбден оддьт,  
Тад атарда өліп жатсам...»  
Шынтақтады ол үн деместен,  
Мағнасын укпадым мен.  
Бірак, өмір көз алдымнаң,  
Кетер емес сол бір **адам!**  
Сөз иесі ауыр дерпті  
Арылмастай хасіретті

Әрім-әрім киімдері,  
Жүзінен жан шошыр еді,  
Үміті өшкен көздері оның,  
Көрсетер ед жан налуын.

Тек қана ымырт түскен кездे,  
Мен жаладбас қайттым үйге,  
Суп-сур, жүзден жоғалған қан,  
Кеудемде тек бар еді жате,  
Көргенімді білмек болдым  
Сұрастырып бүкіл жаннан.  
Сандырактап узак тұні  
Тұсте айтыпсын әдгімені,  
Үрейленіп күтуші әбден  
Деді: «отыр, отыр, карғам!  
Барма бүгін серуенге,»  
Кеттім, бірак, мен Еділге.

Тәңірге аян, танымапсын,  
Өзім туған өзеніді мен,  
Ол соншама неткен терец  
Бойлар емес құмға аяғым,  
Шебі соны аралдардың,  
Кызықтырмайд казір мен,  
Кыйқуласқан кустар үні,  
Неткен сонша жан түршігер,  
Тым-ақ ашы, жабайы еді.  
Бір кезде әсем толқын тілі  
Қазір маған жат көрінді!  
Уа, дариға, сол бір ертең,  
Туған өзен жиегінен,  
Қарап турғыш, жасым төгіп,  
Өксіп-өксіш едірегем мен,  
Кулдықпенен қайғы өзені,  
Деген тудғыш атак бергем..

Ойға шомып сол бір күні,  
Жылып бала — серіктерді,  
Берген антым алдарында,  
Мейлі өліп, бітсін жаңда,  
Бермей жаттыд мазағына!  
Уа, аңқаулық сандырағы,  
Сәбиліктід жел иманы,  
Өткендерді умытпастан,  
Кыр содымдан еш қалмастан,  
Сөккенің не сонша қатаң<sup>2</sup>..»

## 4

Сорлы бурлак хасірет җеген!  
Әзгермепсің сол түріңнен,  
Мен жас кездә болсад қандай,  
Бүгінде сол баяғыдай,  
Тастамапсын хамутылды,  
Жырлаудасың<sup>1</sup> сол бір жырды,  
Шаршағандық бар жүзідде,  
Жүрсің шексіз бас июде..

Мейірімсіз қатаң орта!  
Сабак бермей болашакқа  
Жан урпағы жасап келген,  
Із қалдырмай қурып өлген,  
Кырық жылдай күдренді әкең,  
Тентіреп жар жағасында,  
Өтті білмей дүниеден  
Не айтарын баласына,  
Ойламаған неге ол сорлы,  
Мынадай бір мәселені,  
Төзімі кем болса өзінен.

Сыбағасы кетер ме еді?  
Үн шығармай әкендей сен,  
Босқа өтерсің дүниеден,  
Киіп қарғыс хамутылды  
Құм сусылдаپ жабар 'өртөң,  
Ізінді жар жиегінен.  
Тутқынға сән шынжыр тор ма,  
Осы бір үн тойғызбай ма,  
«Бірде екі» , ғасыр қуған,  
Кайырмасы «ой-ойлаған!»  
Дертең сарнап қамығасын,  
Ауазына ырғап басыд.

Аударған: *Әбу Сәрсенбаев*

## ТЕМІР ЖОЛ

(Балаларға арналды)

Ваня (Үстіне бұйыра түкті шекпен киген)  
— Әке, бұл жолды салған кім?  
Әкесі — Кызыл астарлы пальто киген)  
— Бул жолды салған **граф** Петр Андреевич **Клейнмихель<sup>1</sup>**), жаным!

### I

Сүйкімді күз! Жанды арбар мөлдір аспан,  
Бойында таза ауамен жігер тасқан,  
Еріген қантқа усал өзендерде  
Тодазып жатыр муздар жада қатқан

Кең, жайлі! көздің шырын алсаңдағы,  
Жетпеген әлі семіп жапырағы,  
Сарғылт тартып кілемдей жайып салған  
Бейне мамық төсектей орман маңы.

<sup>1</sup> Ол кезде генералдар осындай пальто киетін еді.

<sup>2</sup> Граф Клейнмихель (Никотай Іге жақын жүргендердің б.рі) темір жол қатынасы (Министрлігі) Жоғарғы басқармасын басқарған. Бұрыңғы Николай, қазіргі Октябрь темір жолы сол кезде салынған. Ол қазынаға сансыз ақша шыныны, халыққа сансыз адам шыныны **болды**:

Сүйкімді күз? Шағырмак аяз тұндер, \*  
Сүттей тынық, булытсыз ашық күндер,  
Тәртіпсіздік жоқ мұлде табиғатта!  
Мұкті сөз, түбір және жота-дөңдер:

Бәрі сәнді астында ай нурының  
Туған Ресей кед байтак төңірегім.  
Өз қыялым өзімде ушып келем,  
Зымырап, бойын қуып шойын жолдыд.

## II

Кайрымды аға! Естыяр Ваняні сіз,  
Неге олай көріне алдаң тұрсыз,  
Рухсат ет, айлы тұн аясында —  
Көрсетейін шындықты жамылғысыз.

Ваня, бул қатерлі едбек адам төзбес  
Аса зор. Жалғыз жарым күші келмес,  
Жиһанда аштық атты бар бір патша,  
Катад ол, мейрімді ешбір білмес.

Сол патша өскер бастап, кемелермен  
Кезеді жүзіп талай геніздерден;  
Артельге айдал халықты, соқаны адышп,  
Қалар ма, тас устасы, өрмекшіден.

Ол айдал кечген журтты осы жерге  
Көпішілігі -- қагерлі күрестерде,  
Рухсыз меніреу орманға өмір беріп,  
Табыт тапты, оралмас енді көрге.

Тік сокпақ: тар жол табан төсеп болған,  
Көпір, рельс, дідгектер сағымданған,

Білесің бе, Ваня сен, жол бойында,  
Канша орыстың сүйегі қурап калған?

Үх! Құлаққа үрейлі келеді үндер!  
Тіс кайралған шықырлап, дұрсілдеп жер;  
Немсне анау? өліктер өтіп жатқан!  
Музды әйнектен жүгірген көлеңкелер...

Зымырап шойын жолдан озып кейде,  
Жалт беріп, шетке қашып қай кездерде.  
Ести місің, энді сен?.. өз еңбегін  
Сүйініш көру бізге айлы тұнде!

«Әмірдің бой жаза алмай азабында,  
«Аңызак тамыз, қыстыд аязында,  
«Жер үйлерде ашығып, үсіп, муздал,  
«Қырылдық цынға — дерптід табанында.

Зымыян ойлы ондықтар талап бізді,  
«Бастық сорып, жоқшылық жаншып-езді,  
«Бейбіт еңбек улдары тәңірінің  
Жазмышина бас иіп, түгел төзді!

«Бауырлар! біздің жеміс органдарың!  
«Жер күшқан біздей—тағдыр курбанда-  
рын,  
«Сактарсыз ба, мұсіркеп жадыдызыда,  
«Әлде, ерте-ак шықты ма естен, туғанда-  
рын?...»

Үрейлен бе, олардың жат жарына!  
Волхов пен Ока бойы, Волга анадан,  
Тус-тусы'нан зор, улы мемлекеттід  
Келген шаруа бәрі де тума саған!

Налыма, бетің басып перчаткамен,  
Үяткой, жас нәресте емессің сен,  
Көрдің бе, узын бойлы, жирен шашты  
Белорусты куарып, безек жеген.

Ерні қансыз, тұнерген қабағы да,  
Кур тарамыс, қолдарын басқан жара,  
Өмір бойы тізеден су кешүмән  
Аяқ іскең, шашы усап жабагыға.

Күн бе күн өмір бойы шағып кетпен...  
Кеудесі ішке ойылып кіріп кеткен,  
Ваня, сен әбдан байқап қарап көрші  
Өз наның тапса керек зор бейнетлен!

Әлі тұр! меңреуленіп тіл катпастан,  
Бұкшиіп, жауырының еш жазбастан,  
Тотыққан күрекпенен үйренишікті,  
Ұрғылап топракты тоң боп қаткан.

Осы салтты игілі іске деген  
Жаар ел, қабылдасақ сенімен мен...  
Қошеметте, ардақта халық еңбегін,  
Шаруаны хұрметтеуді оқы, үйрен!

Сүйікті Отан үшін нальма сен...  
Орыс халқы бәріне төзіп келген,  
Тартқан осы жолдың да тауқанатын  
Төзбек тағы не келсе тәдіріден!

Төзер түгел, — кеудемен өздеріне  
Салар жолды кед, жарқын тәсеп өрге,  
Өкініш тек—әкеуміз жете алмаспыш.  
Ол съяқты тамаша кезеңдерге.

Сол минутте сызырық кулак жарып  
 Шыңғырды, — топ өліктер болды ғайыга.  
 «Әке, мен бір тұс көрдім, — деді Ваня,  
 «Бес мыд шаруа жыйналған бір ғажайып.

«Халық өкілі» — орыстың урпактары,  
 Деді ол «түгел кенет келген бәрі,  
 —«Біздің жолды салғандар міне осылар...  
 Карқылдасты генерал одан әрі!

— Жақында Ватиканға<sup>1</sup> барып келдім,  
 Екі тұн Кализейдің ішін кездім  
 Венада көрдім әулие Стефанды<sup>2</sup>.  
 Соның бәрін турғызған кім дер едің?

— Кешірідіз, күлкідің орыдсыз ак,  
 Пікіріңіз жат сіздің шолағырак,  
 Мүмкін, сізге Аполлон Бельведерден<sup>3</sup>  
 Печьке қалар күмыра бағалырак?

— Тереме<sup>4</sup> монша ғажап, сәulet өнер,  
 Сіздің халық тек дана талай білер,  
 «Мен сіз емес сөйлесем Ваняменен»  
 Генерал емес маған кезек берер.

— Славян сіздің, англо-саксон, неміс,  
 Жыртқыш олар, маскүнем бәрі тегіс!  
 Куру емес — тек дана бузуға әуес,  
 Ваня саған оқыған емес теріс:

V <sup>1</sup> Ватикан Римдегі ғибадат үй, 11 мың бөлмесі бар. бул үй ғасырда салынған. Кализей Римдегі 90 мың адам сыйтын театр.

<sup>2</sup> Әулие Стефан Вена қаласындағы ғибадаг үйі.

<sup>3</sup> Аполлон Бельведер — Ватикан сарайына орнатылған күн KV-дайынын керкем өнердің бейнесі.

— Білесіз бе, жарадап жас жүрегін,  
Әдгіме етпей өмірдің қасірет шерін,  
Жөн болар ел көрсеткен нәрестеге  
Жарқын жағын ...

#### IV

Макұл ақ, көрсетермін!

Тыдда, қалқам: азалы едбек бітті  
Төсеп жатыр немістер рельсті,  
Өліктер де көмілді, аурулар  
Жер үйлердің астына бүркеліпті.

Жумысшы журт төзімсіз шуылдасып,  
Конторда тур желкесін тыр-тыр қасып,  
Бәрі олардың қарыздар жалдаушыға,  
Прогуль сайын тыйындал борыш басып!

Не ауырса, не монша түссе барып,  
Ондыктар ақша устағап түгел жазып,  
«Мүмкін, артып қалғаны болар қазір?»  
«Кой, жөнел!» дейді қолды сілтей салып...

Қурметті алышатар сур шекпенді,  
Мыстай қызыл, жуп-жуан мықыр бойлы,  
Өз жумысын мейрамдап жалдаушылар  
Келе жатыр көруге бойлап жолды.

Журт серпіліп жол берді сәудегерге,  
Ол қолын таяп турып бүйіріне,  
Бетіндегі быршыған терін сүртіп  
Деді: «Жігіт!.. Ризамын істёріде!..

«Енді үйге қайтуды жазғай тәдірі,  
(«Алыңдар басыңыздан бөркідізді?»)  
Ортадызға бір бөшке шарап қоям,  
Борыштарың, сыйлығым, кешірілді!..»

Әлде кімдер «Уралап!» айғай салды,  
Түгел қостап қалғандар дауыстады,  
Бөшке итерген ондықтар әндеткенде...  
Жалқаулар да дәт тутып тұра алмады!

Доғарып атын халық, — сәудегерге,  
Уралап! Жол бойында жүгіруде.  
Бұдан артық шаттықты генералым,  
Кыйын шығар суреттеп, бейнелеуге.

Аударған: Әби Сәсебекбаев

## САША

### I

Бейітінде баласының зарлағандай ана байғус  
Мұцлы дала аспанында күрсінеді балшықшы құс.

Естіледі егіншінід әлдекайда салған әні,  
Узак әуен жүрек тербеп, жүрегіне жалғанады.

Қарағай мен арша біткен аралайсың орман ішін ..  
Көңілсіз-ақ, туған дала, дәл осы бір көрінісің!

Ыза толы ойым менід неге бүгін тіл қатпайды?..  
Таныс орман тәтті үнін жаным есітіп канат жайды,

Көзіе ыстық көрінеді мына жатқан мәнелі жер  
Берейінші қияльма еркіндікті жан сілкінер.

Қайнап таскан көз жасымды тәгейін бір туған жерге,  
Тәгейінші түк қалдырмай, (көңілім бір жеңілерме!)

Жута-жута ыза зәрін қалжырады бул жүрегім,  
Көп болса да шындық онда, куанышты аз көремін.

Қабырында жатқан уйктап күнөсі мол көледкені,  
Енді қайта оята алман, аразлықпен тур деп тегі.

Отан анам! Енді өзід біл, жуасыды жаңым менің,  
Қайта оралдым бір өзіңе, мен улыңмын, сен—сүйгенім.

Жерід сенід жеміс бермей, жаспен егін ексе дағы,  
Талай қыршын боздақтарың іш куса бол өтсе дағы,

Бір басылмас, көз ашырмас соғып турған бір дауылың  
Хасрет-қайғы қара бултыд, михнат-азап бар ауырын —

Маған үйіп, жасқаншак қып, жаңымды көп қорласа да  
Кайта келдім, мен жеңілдім, турмын міне, отан-ана!

Күрш қайрат кетті балқып қумарлықтың жалынында,  
Өр көділім қайысты енді, өз сорым а бағындым да.

Мерт болды да музам менің, мезгіл жетпей өлді өлеңім,  
Өлді өлеңім, шермендемін, шерлі күймен кудредемін.

Жыладым деп қарсы алдында уялар жан мен емеспін,  
Еркелетсед, ішке тартсад — арладбаспыд, кой, демеспін.

Бузылса да туған улы ана шіркін болар ма жат,  
Аштым қушақ, күйылды жас, бойыма бір енді қуат.

Не керемет жап-жадағы көз тартпаған сурсыз аймак,  
Кенет енді кулпырды көп, мәуеленіп кетті жайнап.

Еркелейді, толқыйды көп, қалың орман бас издейді,  
Көктегі күн жарқ-журқ етіп көңілдене кулімдейді.

Көділденіп қеттім жүріп жабырқаңқы ескі жұртқа,  
Сол бір жүртта ойлар меддең, сонау өткен бір уақытта.

Қатал оймен ашулы өлец жазушы едім әрдайым мер...:  
Кетіпті журт азып-тозып, жүдегендей уайыммен.

Тым көнілсіз болар мунда, көршім қайда барайыншы,  
Әлде болса кеш емес қой, соны ізден табайыншы, —

Тату-тәтті үй ішінен табылмас па маған бір жай,  
Көршілерім, көршілерім, адам еді, шіркін, қандай!

Адам еді шіркін қандай! Еш қалтқысыз қуанышы,  
Жалғаны жоқ пейілінің, пандығы жоқ, адап іші.

Нендей күйде жатыр өтіп дәл солардың дәуірлері?  
Тозған, солған, қалжыраған бір кәрия еді ері,

Кемпірі де келген еді ізін басып байгус шалдың,  
Не күйде, екен, көрсем екен жалғыз қызын мен солардың

Көрсем екен Сашаны мен... Алыс емес үйлері де.  
Түгел ме екен бурынғыдай бір семья үйме-жүйме?

## II

Қайырымды жандар ендер, тыныш турған өмір сүріп,  
Сүйкімді өскен қыздарыңды мейірбанды жүзбен сүйіп.

Қара-торы нәзік Саша, бір түкіпірде тағы өскен.  
Даладағы желкілдеген сен бір нәзік гүл емес пе-ең.

Ата-ана мәпеледід, келгенінше қолдарынан,  
Оның жастық шағын қорғап, бір сол үшін салдыңдар  
жан,

Әттең, әттең! Үқпадыңдар, умыттыддар адам басын,  
Еш тәrbие бермедіддер ашарлықтай ой-санасын.

Кітап деген бір бос әуре—бала не істер оныменен,  
Деревняның ақыл-ойын шошытады ғылым деген.

Бірақ жастьқ жан кәусері бул түкпірде ылайланбас,  
Нур жарқырап, ғұл боп шалқып, туар үзак балдырған  
жас.

Бет қызыглы қою тартар, сулулықтың сақтап бәрін,  
Сүйкімді-ақ қой, тым жас-ақ қой, балғын өскен  
балаларын.

Күлімдеген қарақат көз — бейне алмас аударылған,  
Шұғла шашқан екі беті — қызыл жалын от қой жанған.

Қас дегені қыйылып тур, жуп-жумыр боп екі ыйығы;  
Әуре емес әрекетпен, ашылған жок қумарлығы;

Әсті Саша еркін жүріп, он алтыға толды жасы,  
Ұйқы қанық, ерте турып, белге түсіп өрген шашы.

Кербез жатқан кең далага кетеді ол ортқып ойнап,  
Дем алады күмарга кеп, даға — мухит, теред бойлап.

Кез келгед жол оган ганьс, ерлічден кеп басады аяқ,  
Недсд корқар? Тынштық—рахаг уйып қана тұрғандай-ақ.

Құттықтайды қарағайлар — бас издейді, кол булғайды,  
Жасыл бутақ жамылып ап, жас толқындар сыбырлайды:

«Кел жолаушы! Шаршадың ғой, қушағымыз саған дайын,  
Кел түс бізге, салқындашы!» — дес җятқандай толқын  
дәйім.

Келе жақсан кед далада айнала ғұл мың құбылған,  
Көз аударсад аспан жәккө тәбенде күн күліп турған,—

Бар табиғат шадыман-шат, құн астында жатыр балқып,  
Тынштық — рахат бәрі осында, еркіндіктід күйі шалқып.

Тек ада бір тиірменнің бегетіне килігіп су —  
Еркі болмай, жатыр тулап, бойын кернеп ызалы ашу;

Қайтсін баян-жүе: ұлап, мөңкіп, қутылғысы келеді ғой!  
Шашады көп ак көбігін, мыңд бүктеліп, жаза алмай бой;

Кутыларлық дәрмені жоқ тас қып салған бул бөгепен,  
«Еріксіз ғып еркін суды, тағдыр бәлкім әмір еткен» —

«Неге керек босжа тулап» деп ойлайды Саша турып..  
Көл-көсір бол жаткан әмір жас жүрегін куандырып.

«Тәңір жомарт» деп ойлайды ол, еш кіршіксіз жастық  
шаным...

Үрей, хатер еш хауып жоқ жүрегідде қыз Сашаныд.

Кара буйра жыртқан жерде қыстак халқы жүр малтығып,  
«Булар да ырза тағдырына»—деп ойлайды Саша турып.

Жабайы әмір журнақтарын сактап келген бейбіт  
жандар, —  
Термен, қанмен жер суарса,—соғандағы куанғандар, —

Тым сүйкімді Саша қызыға, тамаша ғой көрсөн өзің  
Егін жайда бір үйлі жан үйстап түкым шашқан кезін,

Тамашасың, сүйкімдісің, жан хорегі—піскен егін!  
Тұрсаң толқып, мың құбылып, үсте жортып жібек желің.

Меруерт дәнің пісіп тольп, шағылышқан нурмен ойнап,  
Әрі бітік, әрі биік, такаббарсып тұрсың бойлад!

Ед қызығы егін басқан: қанаттанып кетеді еңбек,  
Жаңғырады ормад-дала: «тездетіңдер, тездет, тез» деп.

Шіркін сол үн! Сол бір үнмен оянған жан ед бахытты,  
Көнділденіп, күле жүріп өткізеді ол күн уахытты!

Саша дағы ерте турып, барады тез қырман жакқа,  
Күн шықкан жоқ, қарадғы емес, жарық та емес бір  
уақытта —

Азан-қазан малдар шулап, барады өріп жайылымға.  
Жылқы мен кой тұяғынан мыйға айналған ылға-жылға.

Жада сауған сүттей ауа,—қумарта кеп жутасын сен,  
Бау тиеген арбаға еріп, кербез құлын басад көсем, —

Бау кептірген шулап үйдің есігінен бу бұркырап.  
Пеш алдында отыр біреу, от маздата жағынқырап.

Қырмандағы журттың қолы жарқ-журқ етед, турсаң  
қарап,

Астық түйген қолағаштар көтерілед жоғарырак!

Қоюланып көлеңкелер, күлім қағып шығады күн...  
Саша теріп жүгіреді, жастан таныс дала гүлін.

Сол маңайдың әрбір шөбін біледі ол бала жастан,  
Әрбір қусты, әр жәндікті таныйды ол айнытпастан.

Болып қалды тұс мезгілі, Саша қайда көрінбейді;  
«Қайда жүрсін, Саша жан-ау? Тамақ сұып қалды» —  
дейді, --

Іздейді оны қарт анасы. Сары-ала егін арасынан —  
Естіледі сыңғыр қағып бір нәзік ән Саша салған.

«А—У» дсгед сүйкімді ұні естіледі әлдеқайдад,  
Егіндердің арасынан көрінеді бір қарайған.

Кызыл-жасыл гүл-жапырақ алған киіп тақыя ғып...  
«Қараңдаршы, мына сайтан, кеткен, міне, қайда  
қаңғып;

«Ә—ә! Біздің қызымыздың осы емес пе бой жеткені,—  
Сонау бітік бидайлардан басын бік көрсеткені...»

«Ал, сонда не?» — Ештеме емес! Ойладағы түсіне бер!  
Не істеуіміз керек біздің, — өзінің де іші сезер:

«Піскен егін сабағыда — жарасады өткір орақ»,  
Піскен қызға — күйеу керек», — бар айтатын сөзім  
сол-ақ.

— Сол ма сенід бар тапқаның, о, обалсыз кәрі қақпас!  
«Болды дей бер бір той, бізге, мейлі саған жагар-  
жақпас!»

Осылай деп шал мен кемпір, қарсы алатын жалғыз  
қызын,  
Отыратын жасырынып, келер қыздың аңдып ізін.

«А, сайтан қыз, түстің бе бір, қолымызға» дейтін булар,  
Устап алып мәз болатын, бишаралар бала кумар!...

Кысқы кеште әжесінің ертегісін тылдайтың ол,  
Тек тад атса, шана теуіп, орден ойға зырлайтын ол,

Көк тайғанак таудан кулап, келе жатса ол екпіндеп:  
Айқайлайтын қарт әжесі «өлесің ғой, қарағым» деп.

Көнілді қыз жарқ-журк етіп, келе жатып зымыратып,  
Аударылып шанасынан, кулайтын да қарға батып;;

Тарқагылып бұрымдары, киген тоны сокталанып,  
Тұратын да қүлетін ол, үстіндегі қарын қағып.

Мәз болатын қарт әжесі, естіп оныд жас құлкісін.  
Ұрсайын деп ойласа да, аятынды сүйкімдісін...

Кайғыратын, жылайтын қыз, кессе біреу ағаштарды,—  
Талай рет, соларды аяп, қөзіне ол жас та алды.

Бар еді ғой бір кездерде неше түрлі буйра кайыд.  
Қабак түйіп қарт қарағай, турушы еді шегіп уайым.

Аржағынан қып-қызыл боп, қараушы еді бұлдіргендер;  
Құстар ушып тәбесінде, турушы еді жас емендер,

Ағаштардың арасымен жортушы еді қорқақ аңдар,  
Кенет бір күн шықты ағашқа қолға балта устағандар.

Орман тегіс кегті шулап, уһлегендей, күрсінгендей;  
Корқақ коян кетті жытып, не болғанын еш түсінбей,

Тұлкі кегті інге кіріп, қус қанатын қакты сасып,  
Кез келгенде індеріңе күмырскалар жүрді тасып.

Әндептің жарт басты іске; жас теректер түсті сулап,  
Сатырлады ку қайылдар, тубірімен емен кулап.

Қарт қарағай балталанды, арқан салды кулатқалы,  
Түсті сулап қайсар ағаш, үстінде жарт ойнактады, —

Дәл осылай жедгед душпан тепкілейтін өлген ерді,  
Шынында да сол суретте аянышты сыр көп еді:

Жас теректің бутактары күрсінумен кулап жатты,  
Кулап түскен қарт қайышдар маржан жасын  
бұршақтатты;

Тұған жердің содғы сыйын көріп олар жатты қурып;  
Бұл бір қырғын қатал еңбек тоқтады әред күн батырып.

Тұннің жарық сәулелері жығмыщ қағып шықты аспадға;  
Дәңгелек ай турды төніп сулап жатқан ағаштарға;

Әліктей бол жескен ағаш, жатты жерде серейіп кур,  
Кайырылып бұтактары, жатты сынып шатыр-шутыр;

Жер бауырлап жапырактар, жамырайды айналада,  
Жауынгердей жараланған, азап шеккен ай далада;

Канды дала үстін кезіп, ызың қағып жел өтеді,  
Өлгед улан шашында<sup>й</sup>-ақ жапыракты тербетеді...

Сүйік терек, кою қайың жатқан жерге оймен карап,  
Өңіл қашкан томарларды бір көлеңке жүрді аралап.

Үрейлі үкі жалп-жалп етіп, жерге сокты қанаттарын,  
Әлдекайда сунқ-сунқ етіп, жалғыз көкек төкті зарын;

Бақырады бар даусымен, узак сорлы жынданғандай,  
Уяды<sup>ы</sup> балаларын, шар-шар етіп, жүр таба алмай...

Ағаштагы балапандар түскен кулап уясымен,  
Ашып әлсіз ауыздарын, шар-шар етіп біраз жүрген,

Олардағы өздерінше зарлағанды назаланып,  
Мужық басып, құртты жаишип, болмағансод мазаны

альш.

Ертедінде тағы кайта қызды жумыс кешегідей,  
Бірақ Саша үрейледіп, ол мадайға койды келмей.

Өтті бір ай, — келді Саша: қаптаған ор, толған томар,  
Анда-санда бір қарағай, — қайғырғандай тұрды олар,

Жалғыз тұрған карт карағай — үқшатады қыстак  
картын,—

Журт жумысқа кеткен кезде, журтта жалғыз сол  
қалатын.

Ең жоғарғы бутактары тым тутасып кеткен екен,  
«От-құс» онда уя салып, бейне соны еткен мекен.

Кәриялар айтушы еді—«от-құс» дейтін бір кус бар, деп.  
